

Салалық органдардың кәсіпорынның Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасының (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) талаптарына сәйкестігіне сараптамалық қорытынды беру қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 маусымдағы № 711 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 10 қарашадағы № 1182 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2014.11.10 № 1182 (01.01.2017 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасын (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 225 қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Салалық органдардың кәсіпорынның Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасының (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) талаптарына сәйкестігіне сараптамалық қорытынды беру қағидасы **б е к і т і л с і н .**

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
К Мәсімов
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 2 7 маусымдағы
№ 7 1 1 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Салалық органдардың кәсіпорынның Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасының (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) талаптарына сәйкестігіне сараптамалық қорытынды беру қағидасын бекіту туралы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Салалық органдардың кәсіпорындардың Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасының (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) талаптарына сәйкестігіне сараптамалық қорытынды беру қағидасы (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 225 қаулысымен бекітілген «Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасын (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 4-тармағын іске асыру мақсатында әзірленген және салалық органдардың кәсіпорынның Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасының (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) талаптарына сәйкестігіне сараптамалық қорытынды беру тәртібін айқындайды.

2. Ережеде мынадай ұғымдар қолданылады:

1) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі;

2) Салалық органдар – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі, Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі және б а с қ а л а р .

3) өтініш беруші - акционерлік қоғамның, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын кәсіпорын;

4) сараптамалық қорытынды - кәсіпорындардың Бағдарлама талаптарына сәйкестігіне салалық органдардың қорытындылары.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.08.02 № 1016; 07.03.2013 N 224 қаулыларымен.

2. Сараптамалық қорытынды беру тәртібі

3. Бағдарламаға қатысуға кредит берушілердің келісімін алғаннан кейін өтініш беруші осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сараптамалық қорытындыны беруге арналған өтінішімен, оған мынадай құжаттарды қоса бере отырып тиісті салалық органға жүгінеді:

1) ЭҚЖЖ-ке сәйкес қызметтің жүзеге асырылатын түрлерінің атауын және жіктелуін растайтын құжаттың көшірмесі (өтініш берушінің мөрімен расталған);

2) осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәсіпорынның паспорты ;

3) заңды тұлғаның құқықтық қабілеттілігін растайтын құжаттардың (жарғы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік, статистикалық карточка, лицензия және (немесе) патент, куәлік, сертификат, диплом және тауарлар өндіруге, өңдеуге, жеткізуге және өткізуге құқығын растайтын басқа да құжаттар) нотариалды куәландырылған көшірмесі;

4) «Жүйе құраушы кәсіпорындарға жатқызу өлшемдерін бекіту туралы» уәкілетті органның және салалық органдардың бірлескен бұйрығымен бекітілген нысан бойынша кәсіпорындарды жүйе құраушы кәсіпорындарға жатқызу өлшемдеріне сәйкестігі туралы облыстың немесе Алматы және Астана қалаларының жергілікті атқарушы органының Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігімен келісілген қорытындысы.

4. Өтініш берушіден құжаттар пакетін қабылдағаннан кейін салалық орган осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сараптамалық қорытынды дайындайды, олар мыналарды қамтиды:

1) кәсіпорын орта және ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылатындығын растау:

2) кәсіпорын өлшемдерге сәйкес жүйе құрушы болып табылатындығын растау.

3) кәсіпорынның тиісті салада қызметті жүзеге асыратынын растау.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.08.02 № 1016 Қ а у л ы с ы м е н .

5. Құжаттардың ұсынылған пакетін қарау және сараптама қорытындысын беру немесе беруден дәлелді бас тарту салалық органға өтініш түскен күнінен бастап 10 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

6. Сараптамалық қорытынды беруден мынадай жағдайларда бас тартылады:

1) сараптамалық қорытынды беру үшін өтініш беруші ұсынған құжаттарда дұрыс емес мәліметтердің болуы;

2) осы Қағиданың 3-қосымшасында көзделген құжаттардың толық емес пакетін тапсыру;

3) осы Қағиданың 4-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмеу.

7. Бас тартуда көрсетілген сәйкессіздіктерді жойғаннан кейін өтініш беруші осы Қағиданың 3-тармағында көзделген құжаттар пакетін қайта енгізеді.

Қағидаға 1-қосымша

Кәсіпорынның Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасының (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) талаптарына сәйкестігіне сараптамалық қорытынды алуға
ӨТІНІШ

ұ й ы м н ы ң а т а у ы)

кәсіпорынның Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасының (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) талаптарына сәйкестігіне сараптамалық қорытынды алу үшін қажетті құжаттар пакеті бар осы өтінішті жіберіп отыр.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығына кепілдік береміз.

Қ о с ы м ш а _____ п а р а қ :

1) ЭҚЖЖ-ке сәйкес қызметтің жүзеге асырылатын түрлерінің атауын және жіктелуін растайтын құжаттың көшірмесі (өтініш берушінің мөрімен расталған);

2) кәсіпорынның п а с п о р т ы ;

3) заңды тұлғаның құқықтық қабілеттілігін растайтын құжаттардың (жарғы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік, статистикалық карточка, лицензия және (немесе) патент, куәлік, сертификат, диплом және тауарлар өндіруге, өңдеуге, жеткізуге және өткізуге құқығын растайтын басқа да құжаттар) нотариалды куәландырылған көшірмесі;

4) кәсіпорындарды жүйе құраушы кәсіпорындарға жатқызу өлшемдеріне сәйкестігі туралы жергілікті атқарушы органның қорытындысы.

(өтініш беруші атынан құжаттарға қол қою _____

үшін өкілеттігі бар лауазымды адам) қолы/тегі

(М.О.)

Қағидаға 2-қосымша

Кәсіпорынның паспорты

Кәсіпорынның атауы	
Құрылған жылы	
Облыс, аудан	
мекенжайы	
Телефон, факс	
Электронды пошта, сайт	
Басшының Т.А.Ә.	
Басшының байланыс телефондары	
Меншік нысаны	
Сала	
Өндірістік қуаты (өлшем бірл./жыл)	
Кәсіпорынның энергияны қажетсінуі (мың кВт/сағ.)	
Негізгі қорлардың тозуы (%)	
Активтердің құны (соңғы қаржы жылына мың теңге)	

Жалпы алаңы (га)	
Штат саны	
Оның ішінде: ИТЖ	
жұмысшылар	
Орташа айлық жалақы (теңге)	

Қызметтің іске асырылатын түрлері

р/с №	атауы	ЭҚЖЖ коды
1		
2		

Кәсіпорын өндіретін өнім (соңғы қаржы жылы)

р/с №	Атауы және өлшем бірлігі	ҚО СЭҚ ТН коды	Заттай мәндегі көлемі	Ақшалай мәндегі көлемі (млрд. теңге)
1				
2				

Өнім өткізу нарығы (ішкі, сыртқы) - ел

р/с №	Ішкі	Сыртқы
	1	2
1		
2		

р/с №	Инвестор атауы	Инвестиция көлемі (млн. теңге)
	1	2
1		
2		

Кәсіпорынның құрылымы, филиалдардың болуы, олардың орналасуы және алаңы

р/с №	Филиал атауы	Филиалдың орналасуы (мекенжайы, телефоны, электронды мекенжайы, басшының Т.А.Ә.)
1		
2		

Сертификат туралы ақпарат

р/с №	Сертификат атауы	Қолданылу мерзімі
1		
2		

(өтініш беруші атынан құжаттарға қол қою үшін өкілеттігі бар лауазымды адам) _____ қолы/Т.А.Ә.

(М.О.)

Қағидаға 3-қосымша

**Кәсіпорынның Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасының
(бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) талаптарына
сәйкестігіне
САРАПТАМАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

_____ негізінде әрекет ететін
(СТН, сәйкестендіру нөмірі (ол бар болса))

_____ берілді.

(өтініш берушінің атауы)

_____ (өтініш берушінің заңды мекенжайы)

Ол адам саны _____, активтерінің орташа жылдық құны _____ теңге (жазбаша көрсетіледі) болатын орта (ірі) кәсіпкерліктің жүйе құраушы субъектісі болып табылады және _____ салада мынадай қызмет түрлерін жүзеге асыратын.

р/с №	Қызмет түрінің атауы	ЭҚЖЖ коды

Салалық органның лауазымды адамының қолы